

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 17 мамырдағы N 704

Үкіметтің нормативтік актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1086 U931086_ және 1995 жылғы 12 қаңтардағы N 2032 Жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы" 1995 жылғы 12 мамырдағы N 2280 Жарлығына сәйкестендіру, сондай-ақ алтын өндіру саласын басқаруды жетілдіру әрі нарықтық қатынастарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы директорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне өзінің құзыры шегіндегі қайталама шикізатты өңдеуді қоса алғанда бағалы металдарды, асыл тастар мен бұйымдарды игеру, өңдеу және өндіру мәселелерінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мен үйлестіру міндетін жүктеу туралы ұ с ы н ы с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы директорлар Кеңесінің "Алтыналмас" акционерлік компаниясының атын өзгерту және құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімі еске алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алтыналмас" акционерлік компаниясымен қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Басқарушы компания ретіндегі кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдарды басқару туралы шарт жасасатын болсын әрі "Алтыналмас" акционерлік компаниясы директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес құрылтай құжаттарына қосымша мынадай т а р м а қ т а р е н г і з і л с і н :

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен әрі Экономика министрлігімен бірлесіп бағалы металдар мен асыл тастарды өндірудің көлемін және әрбір күнтізбелік жылда оларды шығаруды ұлғайту жөніндегі ұсыныс даярлауды а й қ ы н д а у ;

құрамында бағалы металдар мен тастар бар кен шикізатынан өндірілген химиялық таза (тазартылған) бағалы металдар мен асыл тастарды және олардың құрамына кіретін кәсіпорындардың өнімінен қайта өңделген жартылай өнімдерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына өткізу.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Мемлекеттік мұқтаждарды қамтамасыз ету үшін өнім сатып алу мен беріп тұрудың , жұмыстарды (көрсетілген қызметті) орындаудың тәртібі туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 58 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 сәуірдегі N 274 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 1 1 , 1 3 7 - б а п) ;

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 1 маусымдағы N 446 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 20, 254-бап); "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының зергерлік бұйымдар және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім жасау үшін қымбат бағалы металдарды пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы N 580 қаулысы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 17 мамырдағы

N 704 қаулысына қосымша

"Алтыналмас" акционерлік компаниясының құрамына енетін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындардың тізбесі

"Қазақалтын" АҚ, Ақмола облысы
"Майқайыңалтын" АҚ, Павлодар облысы
"Арқарлы алтын" АҚ, Талдықорған облысы
"Юбилейный КБ" АҚ, Ақтөбе облысы
"Асыл тас" АҚ, Талдықорған қаласы
"АқсуШҰБ" АҚ, Ақмола облысы
"Ақбақай ШҚБ" АҚ, Жамбыл облысы
"Алтынтал" АҚ, Қостанай облысы
"Георгиев ЖМЗ" АҚ, Семей облысы
"Алмас" АҚ, Ақмола облысы
"Келешек" АҚ, Семей қаласы
"Арай" АҚ, Семей облысы
"Тілек" АҚ, Семей облысы

"Ақбақай КБК-нің" азық-түлікпен жабдықтау мекемесі" АҚ, Жамбыл облысы

"ҚазалмазалтынМИН" институты, Алматы қаласы

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.10.08. N 1241 қаулысымен.

Р 9 6 1 2 4 1 _

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК